

Жітіқара ауданының елді мекендерінде ит пен мысық ұстау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2003 жылғы 30 мамырдағы № 269 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 1 шілдеде № 2348 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2008 жылғы 23 қазандағы № 107 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2008.10.23 № 107 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 311 бабына сәйкес және Жітіқара ауданы әкімиятының қаулысын қарап, Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жітіқара ауданының елді мекендерінде ит пен мысық ұстау Ережелері бекітілсін (қосымша).

2. Шешім Қостанай облысы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткенінен соң күшіне енеді.

Сессия төрайымы

Ж і т і қ а р а а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

Жітіқара аудандық мәслихатының
2003 жылғы 30 мамырдағы № 269

шешімімен бекітілді (қосымша)

**Жітіқара ауданының елді мекендерінде
ит пен мысық ұстау Ережелері**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы", "Ветеринария туралы" Заңдарын орындау үшін және кент, қала және селолардың ахуалын жақсарту мақсатында төмендегі ережелер ж а с а л ы н д ы және бекітілді.

Осы ереже ведомстволық бағыныштылығына және меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдарды қоса алғанда, ауданның елді мекендерінде үй хайуанаттарын ұстаушылардың барлығына қолданылады.

1. Ит пен мысық иелерінің міндеттері

1. Ит пен мысық иелері:

1) хайуанаттарды олардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ұстауға, хайуанаттарға адамгершілікпен қарауға, қараусыз, сусыз, тамақсыз қалдырмауға, хайуанат ауырып қалған жағдайда ветеринар көмегіне сүйенуге;

2) хайуанаттарды ұстау ережелері мен санитарлық-гигиеналық нормаларды қатаң сақтауға, олардың жалпы пайдаланымдағы жерлерді ластауға жол бермеуге ;

3) ветеринарлық мекемелер мамандарының талаптары бойынша диагностикалық тексеру мен емдеп қарау үшін хайуанаттарды дер кезінде ветеринарлық мекемеге жеткізуге міндетті;

4) хайуанаттардан қорғануға айналадағы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мынандай қажетті шаралар қолданылуы тиіс: аула иттері арнаулы бөлінген жерде және байлауға ұсталынады, сақтандыру кестелері ілінуі керек, иттер қарғы баумен, томағамен қыдыртылуы тиіс;

5) хайуанат адамдарды немесе хайуанаттарды қауып алса, олардың иелері ол туралы жақын маңайдағы медициналық, ветеринарлық мекемеге тез арада хабар беруге міндетті және де ол ветеринар маманының бақылауына алынып, карантин жасау және тексеру үшін ветеринарлық ем қолдануға апарылуы тиіс;

6) объектілерді, аумақтарды әртүрлі тұқымдағы иттерімен күзету кезінде, олардың иелері сақтандыру кестесін іліп қоюға міндетті.

2. Хайуанат иелерінің құқығы

2. Кез келген хайуанат қожасының меншігі болып табылады, кез келген меншік заңмен қорғалады.

3. Иттерді және мысықтарды ұстау

3. Төмендегі жайттарға:

1) хайуанаттарды тұрғын жайларда, оның ішінде, пәтерлерде ұстауға;

2) иттерді тек қана қысқа қарғы баумен әрі томағамен көшеге, аулаға, басқа да қоғамдық орындарға шығаруға;

3) қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдай сақталған болса, ит пен мысықтарды көліктің кез келген түрімен алып жүруге.

4. Төмендегі жайттарға:

1) қоғамдық орындарда, көпшілік адамдар демалатын жерлерде, мас адамдарға, 14 жасқа дейінге балаларға ірі иттерді қыдыртуға және де итпен көшеге шығуға ;

2) жалпы пайдаланымдағы жерлерге: кіреберіске, баспалдақ алаңдарында, сондай-ақ, балконда, лоджияда хайуанаттар ұстауға;

3) кіреберісті, баспалдақ алаңын, спорт алаңын, балалар ойнайтын алады, көгалды, тротуарды парктер мен саябақтардың ластауға тыйым салынады, егер, хайуанат нәжіс тастаса ол жерді хайуанат иесі тазалауға міндетті;

4) ит пен мысықтарды қоғамдық тамақтандыру кәсіпорынына, сауда залдары мен өндіріс орнына, азық-түлік дүкендерінде ұстауға және кіргізуге;

5) адамдарды шомылдыруға бөлінген жерлерде, су ағыны бойымен 500 метрден артық жерге дейін хайуанаттарды шомылдыруға тыйым салынады.

5. Дүкендердің, емдеу мекемелерінің, дәріханалардың, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының жанына хайуанат иелерінің әдейі уақытша байлап қойған хайуанаттарынан басқа қоғамдық орындарда қожайынсыз жүрген ит пен мысықтар қаңғыбас деп есептелінеді және де ондай хайуанат арнаулы қызметтің жұмысшыларымен аулануға жатады.

6. Тұрғын үйлердің жанында хайуанаттарды қыдырту кезінде оның қожайы маңайдың тыныштығын сақтауға міндетті.

7. Хайуанат өлген жағдайда, өлімтіктерді жерлеуге тек қана мал қорымы аумағына ғана рұқсат етіледі. Өлімтіктерді лақтырып тастауға немесе ауданның елді мекендері аумағындағы жерлерге көмуге тыйым салынады.

4. Осы ережелері сақтамағаны үшін ит пен мысық қожайындарының жауапкершілігі

8. Осы ережелерді сақтамаған ит пен мысықтың қожайындары Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауап береді.